



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Қабылдау комиссиясы барлық санитарлық талаптарды сақтай отыра, өз жұмысын бастады. Ағымдағы жылдың 20 маусым мен 24 тамызы аралығында университетке құжаттар қабылдау жүргізіледі. Осы аралықта Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және 12 техникалық хатшысы кезең-кезеңімен талапкерлерді қабылдауды ұйымдастырады, болашақ талапкерлердің ауызша және электронды сұрақтарына жауап береді. Қабылдау комиссиясы бүгінгі таңға дейін 68 құжат қабылдады.

Жалғасы 8 бетте



Х.ДОСМҰХАМЕДОВ УНИВЕРСИТЕТІ – ҮЗДІК ОНДЫҚТА!

IREG — Академиялық ранжирлеу мен басымдық бойынша Халықаралық обсерватория (қысқаша – IREG обсерваториясы) сайтында білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттігі – рейтинг ұйымының 2021 жылғы қазақстандық үздік жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингісі жарияланды.

Рейтингтің басты индикаторлары ретінде білім беру бағдарламаларының нарыққа қажеттілігі, түлектердің жұмысқа орналасуы, университеттердің ғылыми әлеуеті және ЖОО-ның тағы басқа қызметтері зерделенді. Бұл құжат бойынша көпсалалы жоғары оқу орындары арасында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті үздік ондыққа енді. Бұл білім ордасы ұжымының үлкен еңбегінің нәтижесі. Алдағы мақсатымыз – алғашқы жетілік қатарына ену.



ТАБИҒАТТЫҢ «ӘСЕМДІГІ» - АУЛАМЫЗДА

iSpace коворкинг және бизнес инкубатор орталығы мен Экокампусы дамыту бөлімінің бастамасымен, сонымен қатар, Salvadoro art дизайн кешенінің қолдауымен университетіміздің 70 жылдығына орай 70 тал өсіру, көгалдандыру, әрлеу, дизайндау бағытында ауқымды жоба өз жұмысын жалғастыруда.

Есо сапрудың негізгі мақсаты университет аумағын бірегей ландшафты дизайн және көгалдандыруға негізделді. Осындай идеяны жандандырып, қолдау білдірген «Дизайн» мамандығының студенттері университет ауласындағы талдарға табиғат тақырыбына қатысты әр түрлі суреттерді бейнелеп, айналы «таңғажайып әлемге» айналдыруда. Өз мамандықтарын ерекше сүйіп оқитын студенттердің таланты мен қабілетіне тамсанбасқа болмас.

Университетіміздің ауласын жасыл-желекпен көгалдандыруда, экологиялық тәртіпті тұрақты қалыптастыруда табиғат жанашырларының еңбегі зор.



СПОРТШЫЛАР

ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Тараз қаласында олимпиадалық спорт түрі WKF каратэ-до-дан У жазғы жастар ойыны өтті. Бұл додада Атырау университетінің спортшылары бақ сынап, қорытынды есепте өте жақсы нәтиже көрсетті. «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3 курс студенттері Әбілмансұр Батырғали 67 кг салмақта 1 орын (алтын жүлде), Бейбарыс Жаңбыр 75 кг салмақта 2 орын (күміс жүлде), 1 курс студенті Нұрсұлтан Қалиев 60 кг салмақта 3 орын (қола жүлде) иеленді. Болашақта жеңіс қоржынын алтынмен толтыруды көздеген жеңімпаздар дайындық жаттығуларымен айналысуда.

ӘСКЕРИ КАФЕДРАҒА – 5 ЖЫЛ!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 10 маусымдағы №344 қаулысына сәйкес университетіміздің жанынан Әскери кафедра құрылған болатын.

Әскери кафедраның негізгі міндеті – ҚР 2005 жылдың 7 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен Қорғанысы туралы» Заңының 7 бабының 6 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін запастағы офицерлерді даярлау. Бес жыл аралығында кәсіби бағытта кафедрада жүзеге асырылған жұмыстар аз емес.

Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы Әскери кафедраның бастығы Серік Акирұлы мен ұжым оқытушыларын қабылдап, университет тарихындағы ең елеулі даталардың бірі – кафедраның бес жылдық мерейтойымен құттықтады.



ОЗАТ СТУДЕНТТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

2020–2021 оқу жылының екінші академиялық кезеңіндегі емтихандық сессияның нәтижелері бойынша студенттердің рейтингтері қорытындыланды.

Тіркеу кеңсесінің әр факультетке жауапты мамандары білім алушылардың балдық рейтингтерін (яғни GPA–3,7 балл және одан жоғары) анықтады.

Алынған нәтижеге сәйкес, үздік деп танылған студенттерге университетіміздің Басқарма төрағасы-ректор С.Н.Идрисов өз атынан Алғыс хат табыстады.

Шараға көктемгі емтихандық сессияда жоғары рейтингке ие болған студенттермен қатар ата-аналары да қатысты. Сонымен қатар, шалғайдағы студенттеріміз онлайн форматта «ZOOM» бағдарламасы арқылы байланысқа шықты.

Айта кетейік, университетімізде көктемгі емтихандық сессияда академиялық рейтинг бойынша ең жоғары көрсеткіш көрсеткен 46 білім алушы алдыңғы қатардан көрінді.

«ЗАПАСТАҒЫ ЛЕЙТЕНАНТ» САНЫ АРТУДА



14 маусым мен 17 шілде аралығында оқу-жаттығу дайындық жұмыстарын өткізу жоспарланған болатын. Кестеге Бүгінгі жиынның жетекшісі – запастағы полковник Кенжебек Махмұдұлы әскери взводты ба-

стап, саптық жүрісті ұйымдастырды. Шараның ашылу рәсімі мемлекеттік Әнұранмен басталды.

Алғысөз Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлына берілді. Өз сөзінде ректор Әскери кафедраның студенттеріне жалынды жігер мен қажымас қайрат жолында біліктіліктерін арттырып, кафедрада жинақтаған білімдері мен тәжірибелерін шыңдап, болашақтарының жарқын болуын тіледі.

Шараның келесі бөлімі Әскери кафедраның бастығы Серік Акирұлының тілегімен жалғасты. Аяқталу кезеңінде 4 взводтан құралған 114 студент саптық жүріспен айналып, оқу-жаттығу дайындық бөліміне оралды.

Биылғы жоспарға сәйкес, жалпы 100 студент «запастағы лейтенант» шенін алып, әскери билет алуға жұмыстануда. Қалған 94 студент келесі жылы тәмамдайды. Ескерте кетер бір жайт, атыс қаруынан (УКС жаттығуы бойынша 5,45 мм АК-74 автоматынан) практикалық ату ағымдағы жылдың 13, 14 және 15 шілде күндері 41433 әскери бөлімінің қатысуымен Қарабатанда өткізілетін болады.



САҒЫНЫШҚА ТОЛЫ ЖҮЗДЕСУ

Студенттік шақ – қызығы мол ұмытылмас кезең, қайталанбас сәт. Әр өңірден жиналған білім қуған жас өрендердің басын тоғыстырған – Гурьев педагогикалық институты. Уақыт зырлап, сан тарауға жібергенмен, студенттік кезеңдегі ыстық ықыластар мен өзара ынтымықтастық топ студенттерін қайта қауыштырды. Олар – «Физика» мамандығының 1981 жылғы түлектері.

Бір топтан түлеп ұшқан 25 студент бүгінде әр салада қызмет атқаруда. Көпшілігі өз мамандығына сәйкес жауапты лауазым иелері.

Кездесудің басты кейіпкерлері – жан-жақтан жиналып, қуана көріскен түлектер Х.Досмұхамедов атындағы атаулы ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Кейін, білім алған оқу ғимаратының атаулы аудиторияларында кездесу кешін жалғастырды.

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АКАДЕМИК

Қай кезеңде де қоғамдық санада өркениетті өзгерістерге ұйытқы болатын, бұқараны өрелі істерге бастайтын, зиялы тұлғалардың басын біріктіретін негізгі орта болады. Бұл міндет аймақтарда көбіне-көп сондағы үлкен білім беру ошағына – университеттерге жүктелетіні аян. Әрине, ол сол үлгілі үрдісті танытуға, өнегелі ордаға лайық болса ғана. Ең басты жауапкершілік сыналар тұс та осы. Бұл орайда биыл еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейлі мерекесімен 70 жылдығы тұстас келіп отырған Атырау университетінің өзіндік тарихи орны бөлек.

Осынау уақыт бедерінде институттан университетке дейінгі қалыптасу, даму, өрлеу сатыларынан абыройлы өткен бұл білім ордасының бағына қарай оған небір мүйізі қарағайдай талай тұлғалар жетекшілік етіп, ұжымды әркез өрге сүйрегенін атап айту – парыз. Статистикаға жүгінсек, мұнда күні бүгінге дейін 16 тұлға ректорлық қызмет атқарған екен. Осы орайда, айдардың кезекті тақырыбы 2000–2008 жылдар аралығындағы ректор, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асхат Сәлімұлы Иманғалиевке арналады.

Өткен ғасырдың 50–ші жылдарынан бастап еліміздің түкпір-түкпіріне әр саланың білікті мамандарын даярлап шығарған педагогикалық институт, кейіннен Атырау мемлекеттік университеті еліміз алғаш рет нарықтық қатынастарға қадам басқан кезеңде өзінің сол жоғары мәртебесін біраз төмендетіп алғандығы да жасырын емес. Өйткені, жұртшылық қоғамдағы күрт өзгерістерді терең пайымдай алмай, дағдарып қалған тұс еді бұл. Сөйтті де, тек қана экономист, заңгер мамандықтарын ғана таңдаушылар көбейіп, өзгелері көлеңкеде қалып қойды...

Қарыштап дамып бара жатқан жаһандану заманында білікті педагогикалық мамандардың жетіспеушілігінен туындап жатқан қиындықтарды түйсіне зерделеген ректор Асхат Сәлімұлы басшылық қызметін ең алдымен осы бағытқа арнады. Яғни, осы уақытқа дейінгі еңбек жолында жинақтаған мол тәжірибесін жаңа тұрпаттағы заманауи университет құруға бағыттады.

Алға басты мақсат қойылып, батылдықпен қолға алынса, бітпейтін шаруа болмайды. Мұны іскер басшы іс жүзінде дәлелдеуге күш салып, диттеген жоспарын жүзеге асыруға шындап кірісті. Университет оқу кешендері күрделі жөндеулерден өткізілумен қатар, материалдық-техникалық базасы толығымен жаңартылды. Лингафонды және мультимедия кабинеттері, интерактивті тақталар қолжетімді және күнделікті пайдаланылатын оқу құралдарына айналды. Ғылыми-технологиялық жүйенің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мамандар даярлаудан ғылыми жаңалықтарды өндіріске енгізуге дейінгі тұрақты жүйе қалыптасты. Студенттер білімін бақылау ашық та, қолжетімді электронды дүңгіршектер (интернет-кафе) арқылы іске асырылды. Бұл спутниктік арналар көмегімен ұсынылатын интернет-ресурстың пайдасы ұшан-теңіз еді.

Осылайша, эстетикалық талғамы биік басшының көрегендігінің нәтижесінде оқу орны жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, мазмұнымен түрі жағынан заман талабына сай жоғары оқу орны мәртебесіне ие болды. Олай дейтініміз – университет республикада мұғалім кадрларын даярлауда қайтадан алдыңғы лектен көрінгендігі. Оқуға түсушілердің көзқарас-танымдары да өзгеріп, педагогикалық мамандықтарға құжат тапсырушылар қатары қайтадан көбейе бастады. «Елімізде экономика заңдылықтарына сай білімді де, білікті маман даярлау – басты міндет. Жастар – елдің болашағы, тірегі, келешек тізгіні – солардың қолында. Ендеше, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу ұстаздар қауымына аса жауапты да қиын міндеттер жүктейді. Мұғалім кадрларын даярлауда жоғары мектептің даму тарихында қазіргі Атырау университетінің де өзіндік орны бар екендігі, соған азды-көпті өзіміз де үлес қосқанымды мақтан етемін» дейді бүгінде профессор Асхат Сәлімұлы Иманғалиев.

Шын мәнісінде Асхат Сәлімұлы басқарған жылдары Атырау мемлекеттік университеті адам танымастай өзгерді. Университеттің материалдық-техникалық базасы күрт жаңартылғаны өз алдына, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің алыс-жақын шетелдік жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасуы жоғары деңгейде жақсартылды. Университетте моральдық-психологиялық климат жақсарып, профессор-оқытушылардың жұмысқа деген белсенділігі артты. Оның үстіне, Асхат Сәлімұлы басқарған сегіз жылда осы профессор-оқытушылар құрамы алдында атқарылған жұмыс жөнінде үнемі есеп беріп, тұл тәртібіне қойылған көкейкесті мәселелерді бірлесе талқылап отырды. Ашығын айту керек, бұл керемет үрдіс А.Иманғалиевтен кейін жалғаспай үзіліп қалды.

Әрбір жоғары оқу орнының алғашқы қалыптасуынан бастап, алған бағыттарынан, мамандануынан туындайтын, басқалардан ерекшеленетін өзгешеліктері болады. Бұрынғы одақ кезінен өзіндік қолтаңбасы бар жоғары оқу орнына институттан құралған бүгінгі Атырау мемлекеттік университетінің мақтан тұтар, өзгелерде жоқ, білікті мамандармен ондаған жылдар бойы қамтамасыз етілген, қазіргі кезде ел экономикасының дамуы аса қажет ететін мамандар даярлайтын кафедралардың лабораторияларын құрал-жабдықтармен толықтыру мәселесі де ұзақ жылдар өз шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселе еді. Біріне тартса біріне жетпейтін қаржылық қиыншылықтардан қиюын тауып, үздік үлгідегі техникамен қамтамасыз ету университет басшысының назарынан тыс қалған жоқ. Бұл бағытта ректордың бұйрығымен 2002 жылы «Жаңа технология орталығы» ашылды. Оның директоры болып сол кездегі талантты жас ғалым Саламат Идрисов тағайындалды. Қазіргі таңда Саламат Нұрмұханұлы – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректоры, профессор.

Асхат Сәлімұлы үшін университеттегі негізгі тұлға – студент. Ол студенттермен жиі кездесіп, оларға қатысты мәселелерді ерқашанда бірінші орынға қоятын. Студенттің жеке тұлға ретінде дамуына, олардың университет өміріндегі қоғамдық жұмыстарға белсенді арала-



суына жағдай жасап, оны үнемі бақылауда ұстады. Университетке басқа өңірлерден, ауылдардан келген студенттер үшін жатақхана мәселесі де түбегейлі шешіліп, жылы да, жайлы қоныстар студенттердің ешнәрсеге алаңдамай оқуына өте ыңғайлы болуы да басшының үнемі назарында болды.

Асхат Сәлімұлы жас оқытушыларды, аспиранттарды, магистранттарды және студенттерді терезесі тең тұрғыда қабылдауға шақырды. Студенттер қауымы да рекормен ашық форматта кездесіп, әңгімелесуді асыға күтетін. Асхат Сәлімұлы үшін университет қабырғасындағы қазіргі білім беру үрдісіндегі негізгі қозғаушы күш – студенттер және магистранттар. Міне, осындай ерекше жақсы қасиеттері үшін ректорымызды студенттер мен профессорлар құрамы әр уақытта қадірлеп құрметтейтін. Студенттердің бастамашылдығына қанат бітіріп, әр түрлі ұйымдардың құрылуына, олардың өзгелеріне пайдалы, өмірге бейім, жан-жақты дамыған, бұқараны басқара білуге қажетті қасиеттерге баулуға ұйытқы болып, жөн сілтеп отырды, сол арқылы жастардың шынайы сүйіспеншілігіне бөленді. Соның арқасында, сөз жоқ, аз уақыттың ішінде студенттердің өз университетіне деген патриоттық сезімдерінің артқандығы бірден байқалған болатын.

Сондай-ақ, Асхат Сәлімұлы университет оқытушылары мен студенттердің ғылыми ізденістерін жүргізуге қолайлы жағдай жасауға ерекше көңіл бөлді. Сол кезеңде оқу орнымыз алғаш рет қазіргі заманғы ғылыми бөлімшелермен – зертханалар, зерттеу орталықтары, интернет жүйесіне қосылған компьютерлік сыныптармен, арнайы электронды оқулықтармен жабдықталған оқу залдарымен қамтылды. Оқу зертханалары 15 компьютерленген сыныптармен жабдықталды. Жаңа әдістемелерді қолданып, АҚШ университетінің тәжірибелі оқытушылары, іскер адамдары Атырау университетінің оқытушы қызметкерлеріне және басқа облыс ұйымдарының өкілдеріне «Баренц групп» (ЮСАИД) компаниясымен бірлесіп арнайы сабақтар өткізіп тұрды. «Сорос-Қазақстан» қорымен ұйымдастырылған қысқа мерзімді семинарларға университет оқытушыларын ректордың өзі бастап белсенді қатыстыра білді.

Біздің студенттерімізбен кездесу үшін ең ірі компаниялар өкілдері жиі келіп тұратын. Шетел тілдері кафедрасында әр уақытта Американдан, Голландиядан, Австриядан, Түркиядан волонтерлер жұмыс істеді. Шетел мамандарының университетке көңіл аударуы Атырау университеті беделін күрт көтерді. Сондықтан да, сол кездің өзінде Атырау университетін тек ғылыми ғана емес, халықаралық мәдени орталық болды деп атауға толық негіз бар еді. Тағы бір атап айтар жаңалық – тұңғыш рет «Университет хабаршысы» атты ғылыми еңбектер жиынтығы мен көп таралымды «Университет» газетінің 2000 жылдың қыркүйек айынан бастап жарыққа шыға бастағандығы.

Сондай-ақ, ректордың жанкешті еңбегінің арқасында «Университет хабаршысы» атты ғылыми журналы 2004–2008 жылдары Жоғары Аттестациялық Комитеттің тізімінен орын алды. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті жанынан 13.00.01 – Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты, докторы ғылыми дәрежесін алу үшін батыс өңіріне арнап Асекеңнің ұсынысымен (Атырау, Орал, Ақтөбе, Ақтау) ашылған диссертациялық кеңес өз жұмысын 2010 жылға дейін жалғастырды. Сөйтп, білікті басшының арқасында 40-қа жуық аспирант университеттің ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған іргелі үрдіс болғаны даусыз.

Атап айтқанда, 2005–2006 оқу жылының қорытындысымен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Жоғары оқу орындары қауымдастығының рейтингінде тұңғыш рет республика бойынша 8-орынға көтерілді. Бұл күн демей, тун демей, тынымсыз еткен ұжымдық еңбектің нәтижесі!

Бұрын-соңды болмаған тың жаңалық – университет жанынан элитарлық мектеп ашылғандығы. «Білікті мамандарды нарық талаптарына сай даярлау – бәріміздің бірлесе атқаратын ісіміз. Олардың білім деңгейі мен кәсіби шеберліктері жоғары болғанда ғана білікті қызметкер деңгейіне жетеді. Болашағымызды ертеңге қалдырмай,

бүгін ойлауымыз қажет» деген болатын университет ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.С.Иманғалиев. Сөйтп, элитарлық мектеп 2000 жылдың 1 қыркүйегінен бастап өз жұмысын бастаған еді. Жалпы білім беретін бұл жаңа оқу орны – Алматы, Орал, Ақтөбе қалаларындағы университеттер жанынан ұйымдасқан мектептердің құрылымы негізінде алынған. Элитарлық мектептің негізгі мақсаты – дарынды және қабілетті оқушыларға олардың жоғары деңгейдегі орта білім алуына мүмкіндіктер туғызу, белгілі бір ғылым саласында қабілетті жан-жақты тұлға, адамгершілігі зор азамат тәрбиелеу.

Асхат Иманғалиев ректор болып тағайындалысымен 2000 жылы өз бастамасымен, облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетовтың қолдауымен академик, зерделі сөз зергері Зейнолла Қабдоловтың университетке дәріс оқуға шақырды. Көрнекті ғалымға Атыраудан үй беріліп, ол студенттер мен магистранттарға дәріс оқып, 5–6 жыл табан аудармай еңбек етті. Бұл, шынында да, аймақ тарихындағы тосын жаңалық еді. Сол кездегі санданған тұлғалардың ректорға осы жағынан да айтар алғысы зор.

Тағы бір айрықша айта кететін жайт, алыс-жақын шетелдерден оқимын деп келген өзіміздің қандастарымызды қамқорлыққа алып, қолдау көрсетуі, ата-анасыз қалған босаңсқан студенттердің оқу ақысын толықтай босатылуы, олардың әлеуметтік жағдайларын көтеруге қосымша қаражат бөлуі – Асхат Сәлімұлының жанының жомарттығының бір қыры. Ректордың табандылығымен университетте алғаш рет алыс аймақтардағы студенттер үшін қашықтықтан оқыту жүйесі енгізілді. Студенттердің бірнеше тілді қатар меңгеруіне мүмкіндік жасалды. Ол үшін ақысыз курстар ашылды.

Асхат Сәлімұлы Атырау облыстық маслихатының депутаты болған кезінде де өңір тұрғындарына көптеген жақсылықтар жасады. Әр уақытта Қазақстан халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарды ұлығайлауда өзіндік ізгілікті бастамаларымен көзге түсті. Оның қоғам қайраткері ретіндегі таланты 2005 жылы Президент сайлауында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сенімді өкілі болған шақта жарқырай көрінді. Ол халықпен кездесулерде, өзінің тұрғындарды жеке қабылдауларында ел өміріндегі маңызды нақандық мәнін жете түсіндіріп, бұқараның біте қайнасуына зор үлес қосты.

Өзінің де өнерге, музыкаға, жалпы шығармашылыққа жаны құштар болғандығын білеміз. Содан да болар, студенттердің көркемдік шығармашылық, спорттық дарындарын оятып, оларға ұдайы қолдау көрсететін. Студенттерді көркемөнер әлеміне тартуға, өздерінің дарындары мен қабілеттерін ашуға тамаша мүмкіндіктер жасалды. Университеттік хор, «Сауле» би ансамблі, «Сәукеле» этнографиялық үйірмесі, «Жерұйық» көңілді тапқыштар клубы, «Дебат» пікір алысу, жарыссөз орталығы, жастар театры ұйымдастырылды. Студенттердің әр түрлі мәселелерін шешу үшін олардың өзін-өзі басқару жұмысын дамыту бағытында жастар комитеті құрылған. Жазғы каникул кездерінде қаламызды көркейтуге, абаттандыруға көмегін тигізетін студенттік құрылым отрядтары тұрақты жұмыс жасады. Қазақстанға белгілі адамдармен кездесу де дәстүрге айналды. Ұшқыш-ғарышкер Талғат Мұсабаев, көрнекті ақындар Фариза Оңғарсынова, Мұхтар Шаханов және басқа да белгілі мәдениет және өнер қайраткерлері Атырау университеті студенттерінің құрметті қонақтары болды. Республикалық «Жас толқын» фестивалінің осы оқу орнының базасында өткізілуінің өзі зор мақтаныш емес пе?!

Қорыта айтқанда, Асхат Сәлімұлы Иманғалиев ректор болған кезінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті заманауи талаптарға сай ғылыми-зерттеулерді әлемдік деңгейге көтеру, академиялық мобильдікті арттыру, көптілділікті, білім сапасын қамтамасыз ету бойынша стратегиялық жоспардың орындалуы жағынан ұдайы алдыңғы орыннан көрінді. Университеттің оқытушы – профессорлар құрамы, қызметкерлер, әсіресе сол кездегі студенттер – қазіргі тұлғалар Асхат Сәлімұлын осындай ерен еңбегі үшін ерекше құрметтейді. Бүгінде оны көпшіліктің «Алғыс арқалаған академик» деп атайтыны да осыдан.

Ғабит БАЗАРҒАЛИЕВ,
педагогика ғылымдарының кандидаты



1959-1960 жылдары құрылып, педагог кадрлар дайындаудағы алатын орнының өлшеусіз екендігін көрсетті. Факультет атауы университеттің стратегиялық дамуына сай, әр жылдары өзгеріп отырды. Факультет - педагогикалық, арнайы және әлеуметтік бағыттар бойынша білім беруде.
Бүгінгі таңда кәсіби шеберлік, кәсіби құндылық – кез келген маманның қоғамдағы сұранысы мен орнын анықтайтын басты принципке негізделі отырып, факультетіміз еліміздің түкпір-түкпіріне жоғары білікті маман даярлап келеді. Факультет контингентін 1800-ге жуық студент құрайды.
Факультетте 70-тен астам профессор-оқытушылар қызмет етеді, оның ішінде 4 педагогика ғылымдарының докторы, 20 педагогика ғылымдарының кандидаты, 1PhD доктор, 33 магистр, 3 оқытушы докторантурада білім алууда.

ФАКУЛЬТЕТТІҢ БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

6В01101 Педагогика және психология
 6В01901 Логопедия
 6В03101 Психология
 6В01201 Педагог-тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері
 6В01301 Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы
 6В014.02 Алғашқы әскери және технологиялық дене шынықтыру дайындық мұғалімі
 6В014.01 Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы
 7М01111 Педагогика және психология
 7М01301 Білім берудегі менеджмент

Факультет бес кафедранан тұрады, олар жоғары сапалы деңгейде оқу және ғылыми жұмыстар жүргізеді. Факультет кафедралары педагогикалық, арнайы және әлеуметтік сала мамандарын сапалы, уақыт талабына сай, жоғары деңгейде дайындауға бағытталған. Сондай-ақ, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау, өз мамандықтарын жетік меңгерген, жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлау талабын іске асыруда.

- «Педагогика» кафедра-лабораториясы
- Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы
- Психология және арнайы білім беру кафедрасы
- Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасы
- Дене тәрбиесі кафедрасы.

Академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша студенттер мен магистранттар шет тілін игеру деңгейін жақсартуға, теориялық білімі мен практикалық дағдыларын тереңдетуге мүмкіндіктері бар.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Мәңгілік ел идеясының шеңберінде 2014 жылдан бері «Серпін-2050: Мәңгілік ел жастары - индустрияға» атты әлеуметтік жоба аясында факультетте еліміздің барлық өңірінен және алыс – жақын шет елден келген бакалавр-студенттері мен магистранттар білім алууда.

Факультетте дарынды студенттерді қолдау назардан тыс қалмайды. Соңғы жылдары білім алушыларға демеушілік шәкіртақы тағайындалады. Жыл сайын жүзден астам әлеуметтік жағдайы төмен топтағы үздік оқыған студенттерге және қызметкерлердің балаларына оқу ақысын төлеуде жеңілдіктер қарастырылған.

Факультетте студенттердің рухани мәдениетін қалыптастыру, дамыту мақсатында «Asu Umit», инновациялық әлеуметтік жобалар аясында көптеген іс-шаралар атқарылып, нәтижесінде оң өзгерістерге қол жеткізіліп, жоғары бағалануда. Сонымен бірге, «Жас психолог», «Жас галым» студенттік ғылыми үйірмелер, «Сармат» клубы және Волонтерлар тобы, университеттің инфрақұрылымының негізіне ең заманауи құралдармен жабдықталған көп функционалды кітапханасы, студенттерге қызмет көрсету орталығы, әскери кафедра, 3 студенттер үйі, спорт кешені, студенттік жаңа асхана пайдалануға беріледі.



Факультет аясында Kids University (Балалар Университеті) - ғылыми-танымдық, оқу-шығармашылық және дамытушылыққа бағытталған қосымша білім бағдарламаларын жүзеге асыратын инновациялық білім беру жобасы жұмыс жасайды.

ФАКУЛЬТЕТТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:

- Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету.
- Әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту.
- Ғылыми зерттеулер нәтижелерін және технологияларды коммерцияландыру үшін жағдайлар жасау.
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру.
- Оқу процесін цифрландыруды одан әрі дамыту және жобалап оқыту әдісін жүзеге асыру.
- Білім алушыларды «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайтуға қатыстыру.
- Корпоративтік мәдениетті дамыту және жетілдіру, идеологиялық мәдениетті қалыптастыру.

ФАКУЛЬТЕТ БЕЛСЕНДІЛЕРІ



Жанәли Сәлімгерей,
 Дене шынықтыру және спорт мамандығының студенті, Кикбоксингтан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан чемпионатының 8 дүркін чемпионы, Әлем кубогінің күміс жүлдегері, Халықаралық жарыстардың жеңімпазы

Парасат Жұмабай,
 Дене шынықтыру мамандығының студенті, Самбо күресінен Қазақстан Республикасының чемпионатының жеңімпазы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері



Аманат Сабырғали,
 Дене шынықтыру мамандығының студенті, Бокстан Қазақстан Республикасының спорт шебері, 4 дүркін Қазақстан чемпионатының жеңімпазы, Азия чемпионатының жеңімпазы



Қайырберді Айдынбай,
 Дене шынықтыру мамандығының студенті, Самбо бойынша ересектер арасындағы Қазақстан чемпионатының жеңімпазы, Әлем чемпионы



Нұрай Мырзабек,



"Педагогика және психология" мамандығының студенті, Қазақстан Республикасының Жоғарғы оқу орындарының III аймақтық студенттер олимпиадасының I дәрежелі диплом иегері

Дене шынықтыру мамандығының студенті, Каратэ-додан Қазақстан Республикасының спорт шебері Қазақстан Чемпионы, Азия Чемпионы, Әлем чемпионы жастар арасында Олимпиада ойындарының жүлдегері





Факультеттің тарихы университет құрылған кезеңнен бастау алады. Алғаш рет 1950 жылы филология және география факультеті болып құрылды. Ал, 1959 жылдан история-филология факультеті, 2006 жылы гуманитарлық факультет, 2017 жылғы 8-ші тамыздан бастап «Гуманитарлық ғылымдар және өнер» факультеті болып қайта құрылды.

Факультеттің 2020-2021 оқу жылындағы сапалық құрамы бойынша жоғары білімді 79 оқытушы-профессорлар студенттерге дәріс берсе, 40 жасқа дейінгі жас ғалымдар саны - 32-ге толықты. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы ғылыми әлеуеті 68,4 пайызды құрады. Оның ішінде ғылым докторы-8, ғылым кандидаты-17, PhD-3. Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мәдениет қайраткері - 4 және 26 магистр бар.

ФАКУЛЬТЕТ БЕЛСЕНДІЛЕРІ



Алмас Абай,
«Қазақстан және дүние жүзі тарихы» мамандығының 1 курс студенті.
«Тәуелсіздік дәуірі» атты эссе байқауының жеңімпазы, «Тәуелсіздік мәңгілік елдің тұғыры» эссе байқауының 3 дәрежелі диплом иегері.

Олжас Төлебаев,
«Музыкалық білім» мамандығының 3 курс студенті.
ҚР ЖОО студенттері арасындағы Республикалық пәндер олимпиадасында «Музыкалық ағартушылық интеграцияланған тәсілдер» номинациясы бойынша III орын иегері



Нұржол Жақсылық,
«Журналистика» мамандығының 3 курс студенті.
«Мен жастарға сенемін» Республикалық патриот жастар форумының I орын иегері, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне 1 жыл тегін оқу грантын жеңіп алды.



Бибіхан Ғазымова,
«Музыкалық білім» мамандығының 3 курс студенті.
2 томдық «Атырау өлкесінің әндері» және «Атырау өлкесінің күйлері» атты кітаптың шығуына өз үлесін қосты.
Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталды.
XII Республикалық студенттік пәндік онлайн-олимпиадасының «Музыкалық ағартушылық» номинациясы бойынша III орынды иеленіп, лауреат атанды.



Алтынгүл Өтеуова,
«Музыкалық білім» мамандығының 2 курс студенті.
Композитор Е.Рахмадиевтің туғанына 90 жыл толуына орай өткізілген XIII Республикалық пәндер олимпиадасының III дәрежелі дипломымен марапатталды.

Қасиет Бахкерейқызы,
«Журналистика» мамандығының 3 курс студенті.
Теңдік Жауыров оқулары аясында өткен «Шандоз» I Республикалық студенттерге арналған ғылым және шығармашылық жұмыстар байқауының 1 орын иегері.
ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай «Бір ел, бір тағдыр» атты эссе байқауының 2 дәрежелі дипломының иегері.
ҚР ЖОО жыл сайынғы Жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық конкурсында «Философия» пәні бойынша 3 орынды иеленді.



Диана Ізбасарова,
«Журналистика» мамандығының 3 курс студенті.
«Bilim-orkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы» шешімімен «Қазақстанның жастарының «Алтын кітабы» атты республикалық байқауының Бас жүлде иегері және «Үздік талантты жас 2020» алтын төсбелгісінің иегері.
Қазақ ұлттық қыздар университетінің ұйымдастыруымен Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына орай өткізілген ақындар мүшәйрасында Бас жүлдемен және М. Мақатаевтың 89 жылдығына орай өткізілген ақындар мүшәйрасында 1 орынмен марапатталды.

КТК телеканалының ұйымдастыруымен түсірілген «Әйел қырық шырақты» телесериалында рөл сомдады.
Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «Ияз дауысы» ән байқауының әнұранын қалыптастырғаны үшін Алғыс хатын алған.

ФАКУЛЬТЕТТІҢ БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

- 6B01601-Тарих пәні мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы
- 6B02201-Тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы
- 6B03201-Журналистика және ақпарат
- 6B01404-Бейнелеу өнері және көркем еңбек
- 6B02103-Саласы және таңдаған бағыты бойынша дизайн, білім беру жүйесінде суретші-дизайнер
- 6B01403-Музыка мұғалімі, қосымша білім беру педагогі
- 6B02101-Концерттік-камералық орындаушы, оқытушы
- 6B02102-Халық әні
- 6B02104-Халық аспаптар

«Гуманитарлық ғылымдар және өнер» факультетінде күндізгі, күндізгі-қашықтан және кешкі, сырттай оқитын барлығы 803 студент білім алуда. Оның 88 мемлекеттік білім грантын, 15 студент Республикалық білім грантын, 23 студент Әкім грантын иеленді.



Факультетте 5 кафедра жұмыс жасайды:

- Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасы;
- Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы;
- Журналистика кафедрасы;
- Музыка және өнер кафедрасы;
- Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасы



Ағымдағы оқу жылында академиялық ұтқырлықпен 6B01401-Бейнелеу өнері және көркем еңбек, 6B02103-Таңдалған бағытта дизайн мамандықтары бойынша 7 студент Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы мен А.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде білім алуда.
Факультетте «Атамекен», «Мұра», «Жас ғалым», «Жалын», «Шағын пішінді мүсіндер», «Қолөнер суретшілер», «Сәндік қолданбалы өнер», «Сән» дизайны үйірмелерімен қатар «Кербез сұлу» домбырашы қыздар ансамблі, «Әсем қоңыр» домбырашылар ансамблі студенттік оркестрі, «Археологиялық оқу-зерттеу орталығы» жұмыс жүргізуде.
Сондай-ақ, студенттік деканат құрылып, бүгінгі таңда ол ғылыми жұмыстар мен мәдени шараларды ұйымдастыруда белсенді қызмет атқарып келеді.



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Ғылыми кеңесінің 2016 жылғы 31 тамыздағы №1 Хаттама шешімімен құрылды.

Көптілді білім беру факультетінің миссиясы – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің стратегиялық жоспарына сәйкес және заманауи инновациялық жүйе арқылы, кәсіби мамандарды жаңаша дайындауға бағытталған технологияларды, ғылымның жетістіктерін пайдалана отырып, бәсекеге қабілетті, жоғары білікті көптілді мамандар дайындау.

ФАКУЛЬТЕТ 6 БАКАЛАВРИАТ ЖӘНЕ 5 МАГИСТРАТУРА МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША ДАЙЫНДАЙДЫ.

БАКАЛАВРИАТ

- 6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
- 6B02302 – Филология: Қазақ филологиясы
- 6B01702 - Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
- 6B01704 - Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
- 6B01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі
- 6B02301 – Аударма және аударматану

МАГИСТРАТУРА

- 7M02301- Қазақ филологиясы
- 7M02301- Қазақ тілі мен әдебиеті
- 7M01702- Орыс тілі мен әдебиеті
- 7M02302 – Аударма ісі
- 7M01703-Шетел тілдері және мәдениетаралық байланыс



Көптілді білім беру факультеті қазақ, орыс, ағылшын, түрік, қытай, неміс, француз тілдері мамандарын даярлайды және университеттің барлық мамандықтарына тіл пәндерін (қазақ, орыс, ағылшын) оқытуды қамтамасыз етеді.

Студенттердің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында алыс және жақын шет елдердің жоғары оқу орындарымен ғылыми және оқу-әдістемелік қарым-қатынастар орнатқан. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру мақсатында студенттер өз өтініштері бойынша Қазақстанның басқа облыстары мен Ресей мемлекетінің, Венгрияның, Латвия және АҚШ, Франция, Қытай, Түркия елдерінің жоғарғы оқу орындары мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті арасында жасалған келісімшарттардың негізінде білім алуға жіберіледі.

Білім алушылардың болашақта магистратураға немесе докторантураға түсу үшін қажетті халықаралық тест IELTS тапсыруға қолдау көрсетілген, сол тестті тапсыру үшін үйрену мақсатында мамандықтың оқу бағдарламаларына Стандарттық тест IELTS пәні енгізілген. Факультетте халықаралық IELTS сертификаты – 5 оқытушы және 5 студент, TOEFL сертификаты – 3 оқытушыда қамтылған, алдағы оқу жылға факультеттің ағылшын тілі оқытушылары халықаралық тесттерді тапсыруы жоспарлануда. Факультетке қарасты тілдік орталық EOS (English Only Space) бірегей жабдықтармен қамтылған, ағылшын тілін үйренуге арналған инновациялық студия, шынайы өмірдегі адамның шетелге шыққан кездегі бетпе-бет кездесетін жағдаяттарға орай ағылшын тілін жаттықтыру үшін жасақталған.

Студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттыру және тілдік қабілеттерін дамыту мақсатында Факультетте 6 үйірме, клубтар жұмыс жасайды:

- 1) «Жас қалам» әдеби-шығармашылық үйірмесі
- 2) «Ymit театры» үйірмесі
- 3) «English club» клубы
- 4) «Аудармашы бюросы» үйірмесі
- 5) «ReadX» үйірмесі
- 6) «Shakespeare and company» кітап клубы

Осы аталмыш үйірмелердің жоспарлы түрде өткізіп отырған шараларының нәтижесі үнемі әлеуметтік желілерде және университеттің ақпарат тарату арнасында ақпараттандырылып отырады.

Көптілді білім байланыстырушы буынға айналды, сондықтан факультет ұжымы заманауи талаптарды ескере отырып, оқытудың инновациялық әдістерін енгізуге, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге, кәсіби дайындық деңгейін үнемі жетілдіруге ат салысып, тырысуда.

Факультетте педагогикалық және педагогикалық емес мамандықтарды дайындайтын арнайы 4 кафедра, «Қазақ тілі және әдебиеті», «Орыс филологиясы», «Шетел тілін оқыту әдістемесі», «Аударма ісі және шетел тілдері» және «Көптілді дайындық» кафедрасы, 8 аудитория, 3 орталық: Әзірбайжан орталығы, Иран орталығы, Орыс тілі, әдебиеті және мәдениеті орталығы, EOS-тілдік кешенді студиясы жұмыс жасайды.

2020-2021 оқу жылында жалпы студенттерінің контингенті 1363 құрайды, оның ішінде: күндізгі бөлімде - 1166 студент, сырттай бөлімде – 59 студент, кешкі бөлімде - 93 студент, магистратурада 45 білім алушы білім алады, олардың ішінде ұлты қазақтар мен орыстардан басқа (Түрік, Грузин, Корей, Татар, Осетин, Әзербайжан, Өзбек) ұлт өкілдері де білім алуда, өткен жылмен салыстырғанда студенттер саны 20% - ға өсіп отыр, қазіргі таңда 29 шет елдерден келген студент білім алады. Факультетте бакалавриат мамандығында 264 студент, магистратураға 19 білім алушы мемлекеттік грантта, 35 әкім грантында, университеттің әлеуметтік жеңілдіктері бойынша 32 студент білім алады.

ФАКУЛЬТЕТ БЕЛСЕНДІЛЕРІ



Жасар Нұрданбек,

Қазақ тілі және әдебиеті мамандығының студенті, Халықаралық, Республикалық жыр мүшәйраларының жеңімпазы

Фарица Жетпісбаева, Филология мамандығының студенті, Республикалық ақындар айтысының, жыр мүшәйраларының жеңімпазы



Мадина Рысқұлова,

Орыс тілінде оқытпайтын мектепте орыс тілі және әдебиеті мамандығының студенті, А.С.Пушкиннің 220 жылдығына арналған онлайн-марафонның жеңімпазы

Аяулым Оразбекова, Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының студенті, Start-up 2020 жобасының мүшесі



Ақниет Жарқынбек,

Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының студенті, Start-up 2020 жобасының мүшесі

Ырысгүл Жексенова,

Аударма ісі мамандығының студенті, Халықаралық өнер фестивалдерінің лауреаты



Ұлдай Қойбағарова,

Орыс тілі және әдебиеті мамандығының студенті, Халықаралық пәндік олимпиаданың жеңімпазы

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ҰЛТТЫҚ МҰРАМЫЗ

Қазақстан Республикасының Конституциясының 9 бабында: «Қазақстан Республикасының рәміздері Ту, Елтаңба және Әнұраны бар. Олардың сипаттамасы мен пайдалану тәртібі Конституциялық заңмен белгіленген» делінген. Мемлекеттік рәміздер – бұл кез-келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін және тәуелсіз мемлекетіміздің өткені мен болашағын айқындайтын жарқын көрінісі. Ту, Елтаңба және Әнұран Қазақстан Республикасының дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы, әрі халқымыздың рухын, қаармандығы мен даналығын және асқақ арманын жеткізетін құнды белгілер.

Еліміздің әр азаматы рәміздерімізді қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Ол тәуелсіз мемлекетіміздің ажырамас атрибуттарының бірі. Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келсе, сондықтан қазақстандықтардың барлығы Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмардай қасиет тұтып, жүрек түкпірінде сақтап, әркез жайында ұстағаны жөн. Өйткені рәміздер елдің өмір салтын, болмысын білдіретін айрықша белгі болып табылады. Ата Заңымыздың Адам және азамат бөлімінде 34 бабының тармағында: «Әркім Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті» – деп көрсеткен.

Мемлекет болып қалыптасып, тәуелсіздігін енді жариялаған еліміз үшін мемлекеттік рәміздерді қабылдау расында да жеңіл болған жоқ. Тиісті мемлекеттік органдар мен мекемелер аса жауапты істі жан-жақты ізденіспен, мұқият дайындықпен қолға алды. Көп кешікпей Елтаңба, Ту және Әнұран жобаларын жасауға конкурс жарияланып, конкурсқа қатысушылар алдына күрделі әрі жауапты міндеттер тұрды десек болады. Мемлекеттік рәміздер, әсіресе тарихи, саяси және экономикалық символизмге сәйкес келуі тиіс болды. Ал рәміздер жобаларын жасау конкурсында 600-ден астам адам қатысқан. Мемлекеттік ту эскиздері бейнеленген шығармашылық еңбектері бар түскен өтінім 1200-ді құраған екен. Сондай-ақ конкурсқа болашақ Елтаңбаның 245 сурет жобасы мен 67 суреттемесі және Әнұранның 750 нұсқасы ұсынылған.

Рәміздердің өзіндік маңызыдылығы, ондағы белгілердің де ерекшеліктері бар. Олар еліміздің болашағы жарқын, еңсесі биік ел болуына және сондай еліміз деп әлемге танытатын белгілер.

Туымыздағы көк түс – ашық аспанды, күн бейнесі – көгімізде жарқыраған күнді, қыран құс – көк аспанымызда қалықтап ұшқан құстарымызды, өрнек – қазғанымыздың өрнегін білдіреді. Тәуелсіз, бейбіт өмір сүретін елдің бейнесі десек те болады.

Ал Елтаңбадағы көгілдір түс, ата бабамыз қоныстанған күйіз үйіміздің шаңырағы мен уығы, қанатты



пырақ, жоғарғы жағына орналасқан бес бұрышты жұлдызымыз жақсылықтың бейнесі деп білемін. Жұлдызымыз жарқырап, шаңырағымыз биік, қанатты пырағымыз Тәуелсіз елімізді көкте қалықтата берсін. Ту мен Елтаңбадағы белгілер алтын түстес боялуының да мәні бар. Байлытарымыздың бірі алтынымыз көп болсын, еліміз бай болсын, рәміздеріміз жарқырап тұрсын дегенді білдірсе керек.

Мемлекеттік рәміздерді қабылдауда Елбасының рөлі ерекше болғанын атап өтуіміз керек. Әнұран мәтініне жекелеген түзетулер енгізді. Термин сөздердің қазақ тілінде пайдалануына баса назар аударды. Соның нәтижесінде «елтаңба», «әнұран», «рәміз» сөздері бүгінде кеңінен қолданылып жүр. Содан бергі кезеңде Қазақстанның мемлекеттік туы олимпиадалар мен түрлі халықаралық спорт жарыстарында талай мәрте желбіреді, Әнұранымыз да талай мәрте ойналды. Аспанкөк Туымыз ғаламшардың ең биік шыңдарына да, Арктика мен Антарктидаға да, тіпті ғарышқа да тігілді.

Мемлекеттік рәміздер – елдің дамуының, болашақтың жарқын болуының ажырамас бөлігі. Сондықтан рәміздерге деген құрмет болуы, оларды бойтұмардай қастерлеуі тиіс. Рәміздер арқылы елімізді бүкіл

әлем таниды. Өйткені, онда қазақ халқының бастан өткізген тарихы, мәдениеті мен дәстүрі көрінісі және Қазақстан қандай мемлекет деген сұраққа жауап тұр. Алғашқы жылдардағыдай емес, қазіргі кезде еліміздің Әнұранының мәтінін білмейтін жан кемде-кем. Ол насихаттың жемісі десек, қателеспейміз.

Рәміздерге деген құрмет пен сүйіспеншілік балабақшаларда, мектептерде, кәсіби және жоғары оқу орындарында үйретіледі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы 2007 жылы 4 маусымда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес, Мемлекеттік рәміздер мемлекеттік мекемелердің ғимараттарында көрнекті орындарға орналастырылған. Шет мемлекеттерде Әнұранымыз шырқалғанда ерекше бір сезімге бөленеміз. Оң алақаныңды жүрек тұсыңа қойып, «Менің Қазақстанымды» шырқағанда жігерленіп, қанаттанатының рас. Бұл ел болашағы – жастардың өз Отанын, өз жерін, өз елін қорғауға деген сезімін оятып, сенімін нығайтатыны анық.

Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м В.НАУРЫЗОВА

ҰСТАЗДЫҚ ҰЛАҒАТЫ

Қиындығы мен қызығы мол студенттік кезең – университеттегі білім алған әрбір адамның өмірбаянындағы ұмытылмас шақтары. Сол кездегі университет қабырғасында білім нәрімен сусындатқан ұстаздарымыз бірнеше жылдар өтсе де, күні кешегі сияқты әлі есімізде сол қалпында елестетеміз.

Көпшілікке танымал тұлға, бүкіл саналы ғұмырларын ұстаздыққа арнаған, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқару ісіне белсене араласып, салмақты сөздерімен, өнегелі істерімен айналасын ұйыта білген, білікті мамандар, талантты ғалымдар Алдабергенов Нұрғожа Қобыланұлы мен Алдабергенова Мәкім Жүнісбекқызынан ұстаздың ұлық бейнесі анық көрінетін еді.

Алдабергенов Нұрғожа Қобыланұлы еңбек жолын орта мектепті бітіре сала мұнай өндіру мекемесінде операторлықтан бастайды. Кейіннен ҚазМУ-дің биология факультетіне оқуға түсіп, оны «Ихтиология және гидробиология» мамандығы бойынша 1967 жылы бітіріп шығады. Нұрғожа Қобыланұлының одан кейінгі қызметі өмірінің соңына дейін Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының (қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті) қабырғасында жалғасты. Аталған оқу орнының зоология кафедрасында аға оқытушы, аспирантура мен докторантурада оқу, биология ғылымдарының кандидаты, доцент, биология ғылымдарының докторы, профессор сияқты өсу сатыларынан өтті. Өзінің мамандығына адалдығын танытқан Нұрғожа Қобыланұлы 1976-1993 жылдар аралығында зоология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Ғалымның артында ғылыми мұрасы (монографиялары мен оқулықтары, ғылыми-зерттеу мақалалары) қалды. Нұрғожа Қобыланұлы биология және ауылшаруашылық пәндері кафедрасында қызмет ете жүріп – «Құрметті кафедра меңгерушісі» атағын иеленді. Ғалым-педагогтың ЖОО-ғы ерен еңбегі «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «10-лет ассоциаций вузов Прикаспия»,



«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен марапатталды.

Қос ғалымның бірі, Алдабергенова Мәкім Жүнісбекқызы университет қабырғасында алған білімін Қазақ ҚСР ҒА Эксперименталдық биология институтының аспирантурасында жалғастырған жас ғалым 1974 жылы биология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғап, кейіннен ЖАК доценті атағын алған болатын. Гурьев пединститутында бастаған оқытушылық қызметін ғылыммен ұштастырған Алдабергенова Мәкім Жүнісбекқызы ректораттың өзіне жүктеген тапсырмаларын уақытында орындап сенім биігінен көріне білді. Ол биология және химия факультетінің деканы (1976-1985), институттың бастауыш, партия ұйымының хатшысы (1987-1991), «Зоология, биология және экология» кафедрасының меңгерушісі (1991-2005) қызметтерін аса үлкен жауапкершілікпен атқарды.

Мәкім Жүнісбекқызы жоғары мектепте сабақ бере жүріп, он жылға жуық атқарған декандық қызметінде үлкен беделге ие болған жан еді. Ғалым ұстаз студенттер бойында оқу-білімге, ғылымға деген құштарлықты арттырып, Отанға және туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру бағытында өлшеусіз еңбек сіңіре білді. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Өзінен кейінгі жастарға қамқор болуды парыз тұтатын ұстаз-ғалым ретінде, Мәкім Жүнісбекқызы педагогикалық бай тәжірибесін әріптестерімен бөлісуден жалықпайтын. Мәкім Жүнісбекқызы кафедра меңгерушісі ретінде де тындырымды қызмет атқарды. Әсіресе, сол кездегі жаңадан ашылған «Экология» мамандығының жұмыс оқу жоспарын, оқу-әдістемелік кешенін жасауда (екі тілде) біраз еңбектенді. Әкімшілік-ұйымдастырушылық қызметтермен қатар оқу-ағартуға, ғылым негіздерін жетілдіруге де уақыт

тапқан педагогтың қаламынан 70-ке жуық ғылыми еңбектер, 10-ға жақын оқу-әдістемелік, көмекші оқу құралдары дүниеге келді. Мәкім Жүнісбекқызының аса мазмұнды, терең ой парасатқа толы, ғылыми тұрғыдан тартымды еңбектері оқырман қауымның ыстық ықыласына ие болды.

Ғалым-педагог, ұстаз-тәлімгер М.Ж. Алдабергенова «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1979), «ҚСРО-ның жоғарғы білім беру жұмыстарында өте жақсы жетістігі үшін» (1991) төсбелгілерімен, сондай-ақ облыс, қала әкімшіліктерінің және институт, университет ректоратының «Құрмет грамоталарымен», «Алғыс хаттарымен» бірнеше мәрте марапатталды.

Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі үшін аянбай еңбек еткен осындай ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет» дегендей университетімізге, факультетімізге еңбек сіңірген қос ғалымға арналып 2016 жылы б.ғ.д., профессор Н.Қ.Алдабергенов атындағы биологияны оқыту әдістемесі аудиториясы ашылған болатын. Ондағы мақсатымыз – мамандық таңдауда қателеспеген студенттерімізге биология ғылымына өзіндік зор үлесі бар ұстаздарымызды дәріптеу еді.

Аттарыңызды иеленген аудитория, Білім менен ғылымды сусындатар нұр дария.

Еңбегімен ел жұртын таң қалдырған Өшпейтіндей артына із қалдырған. Бар ғұмырын арнаған ұстаздыққа, Бейнелері қарап тұр тас тұғырдан Қазір қос ғалымды қимастықпен еске аламыз. Әрбір шәкірттің өзі сүйген, жылдар бойы тәлім алған ұстазының аяулы бейнесі көкірек көрігінде, жүрек түбінде сақталуы заңдылық. Бүгінде өзіміз де көптеген шәкірттер дайындап, білім мен ғылым жолында қызмет жасап жүрсек те, абырой-дәрежеге осы ұстаздарымыздың арқасында қол жеткізгенімізді әрқашан есте ұстаймыз.

«Биология және ауылшаруашылық пәндері» кафедрасының ұжымы



ТАУМАН АМАНДОСОВ – ЖУРНАЛИСТ, ПЕДАГОГ, ҒАЛЫМ

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы және 28 маусымда аталып өтетін БАҚ қызметкерлері күні қарсаңында өткен Тауман Амандосовтың ғылыми-педагогикалық және журналистік қызметіне арналған республикалық ғылыми конференция өтті.

Атырау облысы әкімдігі, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, «Атырау – Ақпарат» ЖШС, Қазақстан журналистер одағы Атырау облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен жиынға Атырау облысы әкімінің орынбасары Бақытгүл Қайыржанқызы қатынасып, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

Конференция жұмысына ғалымның шәкірттері, ғалым-зерттеушілер, танымал баспагерлер, журналистер, ұстаздар, атап айтар болсақ, филология ғылымдарының докторы Жақып Бауыржан Оміржанұлы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Ахметова Ләйла Сейсембекқызы, профессор, филология ғылымдарының докторы Кәкен Хамзин, республикалық «Алтын аймақ» газетінің құрылтайшысы Төлеген Сақтағанұлы, ардагер-журналист, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі Төлеген Жаңабай, республикалық «Сарайшық» журналының Бас редакторы, ҚР Мәдениет қайраткері Исатай Құндызбайұлы, журналист, кәсіпкер Сәуле Жаманбайқызы, журналист-ардагер Әбілхан Төлеуішев, сонымен қатар журналист, публицист, ақын, ҚР Мәдениет қайраткері Алмас Ахметбек арнайы келіп қатысып, өз баяндамаларын ортаға салды.

Жиын барысында ҚР Мәдениет қайраткері Алмас Ахметбекті Ғылыми кеңес шешімімен Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Құрметті профессоры» атағымен марапаттады.



ҮЗДІК СТУДЕНТТЕР – МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы Қазақстан Республикасының XI жазғы университеттер мен республикалық пәндік олимпиадаға белсенді қатынасқан студенттер және магистранттармен кездесу өткізді.

Кездесуде барысында университетіміздің мерейін көтеріп, біліктілігімен оза шапқан студенттер арнайы ақшалай сыйақымен марапатталды.

Жалпы университетімізде 37 түрінен 60 жоғары оқу орны қатысып, университетіміздің құрама командалары бойынша 73 студент 10 спорт түрінен бақ сынап, қорытынды есеп бойынша 9-шы орынды иеленді.

Республикалық пәндік олимпиададан да студенттеріміз білім деңгейін жоғары дәрежеде көрсеткен болатын. Жиын соңында студенттер мен магистранттар осындай үлкен қолдау мен мүмкіндік жасаған университет басшылығы мен жетекшілеріне шексіз алғыстарын білдірді.



ҚОШ КЕЛДІҢІЗ, ТАЛАПКЕР - 2021!

Жалғасы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті 53 білім бағдарламасы бойынша бакалавр, 32 білім бағдарламасы бойынша магистр мамандарын дайындайды. Педагогикалық мамандықтар үшін шектік балл – 75, педагогикалық емес мамандықтар үшін – 50 балл, оның ішінде әр пәннен 5 балдан кем емес болуы тиіс. Грант конкурсына шектік балды жинаған барлық бітіруші түлектер өтінім бере алады. Грант конкурсының өту уақыты – 2021 жылдың 13–20 шілде аралығы.

Шығармашылық мамандыққа ниет білдіруші мектеп түлегі ұлттық бірыңғай тестілеуді екі пәннен: оқу сауаттылығы және Қазақстан тарихы пәнінен, колледж бітіруші Білім беру грант конкурсына қатысатын жағдайда кешенді тестілеуді мамандығы бойынша бір арнайы пәннен тапсырады. Тестілеу қорытындысы бойынша әр пәннен 5 балдан кем емес болуы тиіс. Шығармашылық мамандықтарға өтінім білдіру және құжат қабылдау мерзімі 20 маусым – 7 шілде аралығын қамтиды. Шығармашылық емтихандардың өту уақыты – 8 шілде мен 13 шілде аралығы. Биылғы оқу жылында шығармашылық емтихандардың өту ережесінің басты өзгерісі – мектеп бітіруші түлек екі шығармашылық емтихан тапсырады, әр шығармашылықтан максималды 45 балл, колледж бітіруші түлек бір шығармашылық емтихан тапсырады, максималды 20 балл.

32 білім бағдарламасы бойынша магистранттарды дайындайды. Магистратураға түсуге ниет білдіруші алдымен Ұлттық тестілеу орталығының (testcenter.



kz) сайты арқылы магистратураға түсу үшін тапсырылатын кешенді тестілеуге онлайн өтінім білдіреді. Тестілеуге өтінім беру уақыты: 18 маусым мен 15 шілде. Тіркелу барысында қатысушы тестілеудің орнын (қаланы) ӨЗІ таңдайды.

Магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу 3 блоктан тұрады:

- Шет тілі бойынша тест;
- Оқу дайындығын анықтауға арналған тест;
- Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест.

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар магистратураға КТ шет тілі бойынша тестілеуден босатылады.

Магистратура үшін тапсырылатын кешенді тестілеудің өту

уақыты – 20 шілде мен 10 тамыз аралығы.

Сонымен қатар, барлық бакалавр және магистратура дәрежесіне шетел азаматтары оқуға қабылдайды. Шетел азаматтарын ақылы негізде күндізгі бөлімге Атырау университетіне әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады. Шетел тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармаларымен тапсырылады. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификацияланады.

Жәдігер

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ



Археологиялық ескерткіштерді зерттеу барлау жұмыстарынан басталады. Жүргізілген барлау жұмыстары кезінде әр түрлі ескерткіштер ашылып, олардың орналасқан жері, таралу аймағы анықталады, ескерткіштердің тарихи-топографиялық құрылымы, ерекшеліктері байқалып, оларға қатысты деректер жиналады. Зерттеушілердің алдына қойған мақсаттарына байланысты барлау жұмыстары әр түрлі бағытта жүргізіледі. Осы бағытта нәтижелі жұмысқа қол жеткізуді көздеп, археологиялық экспедицияға шыққан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғалымдары мен студенттері тарихи жәдігерлердің куәсі болды.

Экспедицияның негізгі мақсаты темір дәуіріне жататын қорғандарды зерттеу болатын. Осы бағытта Қызылқоға ауданындағы Мұқыр ауылдық округінің аумағында орналасқан қорғандарға қазба жұмыстары жүргізіліп, зерттеу нәтижесінде Қарақұдық қорымынан сармат дәуіріне жататын жауынгерлердің сүйегі табылды. Аталмыш экспедиция 24 мамырдан 5 шілдеге дейін созылды. Мол тәжірибе алаңына айналған қорымнан қой сүйектері, қыш құмыра, қару-жарақтардың шығуы «Тарих» мамандығында оқитын студенттерді бей-жай қалдырмады.

Х.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы ғылыми-зерттеу институтының жетекшісі Сайполла Сапа-

нов құнды ақпараттармен бөлісті. Оның пікірінше, жауынгерлердің жанына жерленген пайдаланған ыдыстары, құралдарына қарап сол кездегі тайпа тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, хал-ахуалын айқындауға болады. Білегінің кесілгендігі қабылда мерт болғандығының белгісінен болуы ықтимал деп болжанды. Көңіл аударарлық тағы бір ерекшелігі – қорымдағы сүйектер мен заттардың тұтастай сақталуы. Бұл – ерекше жағдай. Ал олардың топтасып жерленуі осында түгел қорымның мекендегенін дәлелдейді. Дегенмен, бұл жорамалдар антропологтардың дәлелді мәліметтеріне сүйенуді қажет етеді.

Белгілі археолог Амангелді Мұғауұлы Қарақұдық қорғандар тобы сармат тарихының ежелгі ескерткіштері екендігін атап өтті. Дәл осы қорымды таңдауының басты себебі де бұл аймақтың толық зерттелу керектігін айғақтайды. Осы тұрарлықта алғашқы экспедиция кезеңіне университет тарапынан қаржыландыру мен қолдау шаралары жүзеге асырылды.

Олжамен оралған тарихшы мамандар мен бір топ студенттер бұл бастама тың серпінмен жалғасын табатындығына сенім білдірді.

Бұл әзірге тарихи зерттеу жұмыстарының алғашқы кезеңі. Екінші кезеңі халықаралық шеңберде өтеді деп жоспарлануда. Демек, алдағы уақытта экспедиция қорытындысы шетелдік археологтармен біріге отыра талданады.

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Қ.Сансызбаев – Редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай
А.Мутиева
А.Өтемісқызы
А.Сәлімгерейқызы
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #651 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана